

*Ісім оңсын десеңіз, Сол істің маманы болыңыз.
Даңқым шықсын десеңіз, Көпшіліктің адамы болыңыз.*
Атақты ғұлама Әл – Фараби

Тақырыбы: Менің болашақ мамандығым. Оны қалай елестетесіз?

Уақыты: 12.03.2019 жыл

Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

Сыныбы: 8

Мақсаты: Білім алушылардың мамандық таңдауына бағыт бағдар беру. Ұлт жоспары – «100 нақты қадам» мен таныстыру. Ұлттық құндылықтарды құрметтеуге үйрету.

Көрнекілігі: тақырыптық слайд, үш бөлімді түсіндірмелі күнделік, геометриялық фигуралар

Әдісі - тәсілдері: баяндау, сұрақ-жауап, психологиялық тест

Психолог: Раимкулова Гүлжан Жумалиевна.

Барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі:



Қызығушылықты ояту

Психологиялық дайындық

Сәлемдесу, білім алушылардың көңіл – күйімен бөлісіп, ынтымақтастық атмосферасын орнату.

Топқа бөлу:

геометриялық фигураларды таңдау арқылы топқа бөлу



Психологиялық сәт:

«Психоггеометрия» - өзін-өзі тану. Оқушылар ұнатып таңдаған геометриялық фигуралардың мағынасын ашу. Әр фигура қандай да бір адам бойындағы қасиетті, қабілетті білдіреді. Әрқайсымыз өзімізді танып көрелік.

Квадрат. Сенде төзімділік, шыдамдылық, еңбекқорлық дамыған. Өз айналаңы адамдарды жианап ұйымдастыру, реттеу, және жүйелеу қабілетің баршылық. Сенен үздік администратор шығады, бірақ саған өзіңнің кәсіптік мамандығыңды менеджментпен байланыстырауға ұсыныс айтамын.


Шеңбер. Сенде адамгершілік қасиет жоғары дамыған. Сен өз әріптесіңді тыңдай аласың және оның қайғысы мен қуанышын бірге бөлісесің, басқаның ауыртпалығына жәрдемдесу қабілетің жоғары қалыптасқан. Саған жеке адамдар арасындағы кикілжіңдер тән емес. Олардан бойынды аулақ ұстайсың, сенен үздік психолог шығуы мүмкін.

Үшбұрыш. Саған басқарушылық қасиет тән. Өз көздеген мақсатыңа қол жеткізуге барлық мүмкіншілігіңді жасайсың. Өзіңе сенімдісің және жетістікке, жетістіктерге, ұтыстарға оңай қол жеткізесің. Айтқаныңнан шықпайсың. Сен қоғамда, өмірде жоғары көтерілуге бейімділігің бар.

II. Негізгі бөлім:

«Миға шабуыл»-ой қозғау:

Мамандық дегеніміз не? (Кластер әдісі арқылы)



Кіріспе: Әлемде 40 мыңға жуық әр түрлі мамандықтар бар. Статистердің зерттеуі бойынша, жыл сайын 25 млн адам жұмыс орыны ауыстырады екен. «Профессия»-латын тілінен аударғанда «professio» анықталған іс, мамандық деген мағынаны білдіреді. Мамандық – қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Сондай-ақ өз мамандығының 10-20 жылға дейін сұранысын жоғалтпауына көңіл бөледі. Өзінің сұранысын, қызығушылығын жоймаған кең тараған мамандықтарға – дәрігер, мұғалім және құрылысшы мамандықтарын атауға болады. Ал, өзекті мамандықтар қатарына телекоммуникация, әлеуметтік орта, экономиканы басқару, мамандықтары және еңбек сұраныстарына қажетті мамандықтар жатады. Алайда, өз мамандықтарын таңдауда мақсатқа жету әр адамның еркіне, өмірге құштарлығына байланысты. Олай болса, бүгінгі мектеп түлектерінен «Қандай мамандық иесі болғыңыз келеді» деген сауалнамамызға жауап іздеп көрелік.

Топтық тапсырма

I-топ

Қазіргі таңдағы сұранысқа ие мамандықтарға тоқталу.

II-топ

Елбасының Ұлт жоспары – «100 нақты қадам» жөнінде ой қозғау.

III-топ

Мамандықтар әлеміне көз жүгірту. Қандай мамандық иесі болғыңыз келеді? сұрағына жауап беру.

Ой – толғаныс «Өрмекші» әдісі

(оқушыларды бірі-бірімен байланысын нығайту, ойларымен бөлісу)

- 1. Қандай мамандық иесі болғыңыз келеді?
- 2. Өзіңнің болашақ мамандығыңды жүрек қалауымен таңдадың ба?
- 3. Сен ол мамандық туралы не білесің?
- 4. Бұл мамандықты таңдауыңның себебі неде?
- 5. Сенің бұл мамандықты таңдауына кім әсер етті?

- 6.Қандай оқу орнын таңдадыңыз?
- 7.Таңдаған мамандығыңның қызығы мен қиындығы?/мектеп түлектерінің жазған сауалнамасы бойынша әр оқушының ойын білу/

III. Қорытынды бөлім:

88-қадам. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясын алға жылжыту жөніндегі ұлттық жобаны әзірлеу және жүзеге асыру, ол «НҰРЛЫ ЖОЛ» инфрақұрылымдық даму, индустрияландырудың екінші бесжылдығы бағдарламаларын, сондай-ақ, тәуелсіздік жылдарында мемлекеттік саясаттың арқасында еңбек, кәсіпкерлік, ғылым мен білім және басқа да кәсіптік қызметтерде жоғары нәтижелерге қол жеткізген қазақстандықтардың (біздің заманымыздың батырларының) табыстарының дербес тарихын ескере отырып, жалпыға ортақ еңбек қоғамы идеяларын ілгерілетуге, индустрияландырудың және «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асырудың мемлекеттік саясаты талаптарына жауап бере алатын жұмысшы және кәсіптік-техникалық мамандықтардың артықшылықтары мен танымалдылығын насихаттауға бағытталады.

«Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму»

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Мен жастарымызды жұмысшы мамандығын белсенді меңгеруге шақырамын. Жұмысшы мамандықтарын меңгеру керек. Кезінде мен де жұмысшы киімін киюден бастадым, домна пеші от-жалынының жанында тұрдым. Үлгі алыңдар! Жылдар өтеді, бірақ, осы өмірлік тәжірибелерің, сендер қандай өмір жолын таңдап алсаңдар да, міндетті түрде кәделеріңе жарайды.»

Кері байланыс: (Рефлексия)

- Осы күннен не алдыңыз?
- Өзіңіз үшін қандай қорытынды жасадыңыз?

Қорытынды сөз:

“Білімді, еңбекқор, бастамашыл, белсенді болуға қазірден бастап дағдыланыңдар. Жұмыс пен сұраныс бар өңірге батыл барыңдар. Шеберліктің шыңына жете білсеңдер мамандықтың бәрі жақсы. Қазір техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның күні туған заман. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам озады. Тұрмысы жақсы, абыройы асқақ болады. Біз жүзеге асырып жатқан түбегейлі реформалар мен атқарып жатқан қыруар істердің бәрі сендер үшін, болашақ үшін жасалуда.»-деген Н.Ә.Назарбаев. Олай болса, мамандықты жүрегіңнің қалауы бойынша таңдау керек, өйткені әрбір адамның болашағы таңдаған мамандығына тікелей байланысты. Өз ісін жақсы көріп, үлкен жауапкершілікпен атқарғанда ғана бақытты болады. Әлемде өзі қаламайтын мамандық иесі болып жүрген қаншама адам бар, өз жұмысын жанымен сүйіп істейтін адамдардың да саны аз емес. Мамандық таңдаудан жаңылмай, өз өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалауыңызға тілектеспіз.

